

## Жарқайың ауданының Тасөткел ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Жарқайың ауданы Тасөткел ауыл әкімінің 2017 жылғы 10 ақпандағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 ақпанда № 5746 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы Тасөткел ауылы әкімінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы Тасөткел ауылы әкімінің 26.01.2018 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, Жарқайың ауданының мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық бас инспекторының 2017 жылғы 5 қаңтарындағы № 01-10-02 ұсынысы негізінде, Тасөткел ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жарқайың ауданының Тасөткел ауылының аумағында ірі қара мал арасында бруцеллез жұқпалы ауру ошағының анықталуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімінің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Тасөткел ауылының әкімі*

*С.Саухимова*